



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

қарастырылады[7]. Әлем мен елде қандай жағдай болып жатса да ең бірінші ол отбасы өмірінде көрініс тауып жатады. Отбасының өмір сүру деңгейі және эмоциялық тұрақсыздық құндылықтар мен басымдықтарды таңдауға әсер етеді. Жастар арасында зиянды заттарға тәуелділіктен де сақтайтын осы отбасындағы тәлім тәрбие. Тұлға қоғамда өз орнын табуы және анықтауы үшін білім өте маңызды. Отбасын құрып өз орның мен ролінді біліуің үшін өз отбасындағы дағдыларын да маңызды болып табылады. Тұлға үшін қоғам және қоғамдағы қатынастар, әлеуметтік орта ең басты өмір сабағы болып саналады. Адам себеп-салдарға негізделген қатынастар арқылы азаматтық қоғамның қалыптасуына өз ықпалын тигізеді. Отбасы қоғамға азаматты дайындайды және тәрбиелейді, ал адам оны ең басты байлығы! Ол өз кезегінде мемлекет және қоғам тарапынан қолдауды әрдайым қажетсінеді. Біздің әрбірімізге азаматтық қоғамның қалыптасуы маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет туралы теориялар // 2015.
2. Әбдіқалықова, Г. «Отбасы – Отан тірегі» атты мақала // 2015.
3. Мұхамбет Р. Қ. Азаматтық қоғам қалыптастырудағы басты теориялар мен тарихи тәжірибелер // 2017.
4. Қаратабанов, Р.Ә. «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәні бойынша 11-сынып бағдарламасы тақырыптарының тезистері // 2015.
5. Отбасы - ең маңызды құндылық // 2017.
6. Семья в современном обществе. Социология.
7. The Importance of Civil Societies // Heinrich Böll Stiftung Palestine & Jordan. 2016.

УДК 241.2

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНДЕГІ ДІННІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Қуатов Арулан Қуанышұлы

dintanu_11@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Тышхан К.

XIX ғасырдың екінші жартысында Жәдидшілер мен Қадимшылар арасында теке тірес басталды. Олардың арасындағы пікірталас білім беру тәсілдері мен әдістері аясында жүрген. Қадимшылар баяғыдан бері жалғасып келе жатқан исламның білім беру әдісін ұстануға бой ұсынса, Жәдитшілер өз кезегінде жаңа әдістерді қолдануды мақұлдады. Жәдитшілерге «тараққи» түсінігі маңызды еді, яғни даму, ілгерілік, өрлеу деген ойлар алдыңғы шептерге шықты. Адамзат алға жылжып, дамып жатқан сәтте, құр босқа отыру дұрыс емес екенін түсініп, зайырлы білімге көшуді дұрыс деп тапқан.

Жәдитшілердің ең негізгі ойларының бірі, ол «таза исламға» білім күшімен қайта оралу еді. Жәдидшілік қазақ қоғамына үлкен сілкініс әкелген жаңалық болды. Құранды оқып қана қоймай, оның зайырлы білім мен ғылымға да жөн сілтейтінін түсінді. Бұл діни – ағартушылық бағыт дәл осы кезде қазақ қоғамы үшін қажет, қоғамдық сұраныс болатын. Алаш зиялыларының да көпшілігі бастапқы сауатын осы жәдиттік бағдардағы исламдық діни медреселерден ашқан еді.

1905 жылғы бірінші орыс революциясы тек қазақтарды ғана емес, өзге де мұсылман текті халықтардың саяси күштерін біріктіруге итермеледі. Мұның бір көрінісі Ресей мұсылмандарының алғашқы бүкілресейлік съезін өткізуі еді. Ұлт-азаттық қозғалыстың діни мұсылмандық бағытының кең етек жаюы жәдиттік қозғалысқа ұласты.

Бұл қозғалыстың саяси философиялық мәні қоғамдық өмірдің барлық саласына қатысты болды: діни мұсылмандық теологияның өзін модернизациялық нышандарға

сәйкестіндеру, әйелдің қоғамдық құқығын кеңейту, білім саласындағы реформалар, біртұтас әдеби тілді негіздеу және т.б.

Қазақ элитасы саяси-идеялық күресте екіге бөлінді. Мұны Бөкейханов «Қырғыздар» деген мақаласында атап көрсетеді: Жақын болашақта, шамасы, далада, қазақ ортасында пайда бола бастаған екі саяси ағымға сәйкес екі саяси партия ұйымдасып қалар. Бірі қазақты қазақты мұсылмандармен жақындастыруға тырысады, бірі батыстық мәдениетті жүзеге асыруға жұмыс істейді[1].

Алаш зиялылары дінге төнген кәуіп-кәтерді уақытында көре алды. Саяси тәуелсіздік пен діни тәуелсіздікті қатар қойды. Дінді сақтау – ұлтты сақтау деп білді. Қазақ даласында діни қайраткерлер де аз болмады. Жалпы, дін адамдары жаңаша ойлану, жаңаша күресу керек екенін бірінші көтерген болатын. Алаш қозғалысының, ұлт-азаттық қозғалыстың басында дін қайраткерлері тұрды десек қателеспеген боламыз. Кейіннен Алаш қозғалысының негізгі ұйытқысы болған зиялы қауым да діни сауатты тұлғалар болатын. Алаш қозғалысының көшбасшыларның бірі әрі бірегейі Әлихан Бөкейханов болды. Әлихан жас кезінен бастап, яғни Омбыдағы Техникалық училищедегі оқу жылдарынан-ақ Ислам дінінің тазалығын, Құран Кәрім мен шарифат заңдылықтарын бұрмалауға қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Өзінің тырнақалды мақаласында кейіннен 1889 жылы Омбының «Ақмола облыстық ведомствосының» ерекше қосымшасында жазылған көптеген мақалаларында кейбір молдалар мен қажылардың сауатсыздығын, надандығын сынға алып, дінді жеке бастың пайдасына асырудағы әрекеттерін әшкерлеп отырды. Энциклопедист ғалым, публицист, қоғам қайраткері, Мемлекеттік I Дума депутаты, алаш ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Әлихан қазақтар мен барша Ресей империясы қарауындағы түркі-мұсылман халықтарының діни құқығын бірден-бір қорғаушы тұлға болды. Оны 1900-1917 жылдар аралығында қазақ және орыс мерзімді басылымдарында жарық көрген көптеген мақалалары айқын танытады. Әлихан Бөкейханов Торғай облыстық комиссары қызметінде де дінге деген сарабал көзқарасын, саликалы ұстанымын өзгерткен жоқ. Оны 1917 жылдың 7 маусымында Аққаршы болыстық азаматтық комитетінде жолданған № 529 бұйрығы көрсетеді. Онда ол комитетке «жаңа құрылысқа қарсылық ретінде өздерінің қарақан бастары үшін халық, қоғам мүддесіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізетін молдаларға ауыр шаралар қолданатынын хабарлауды» ұсынды. Әлихан Бөкейханов шарифат бойынша жиналатын зекет, пітір, садақа жекелеген молдалардың бас пайдасына емес, қайырымдылық мақсаттағы қоғамдық игі жұмыстарға бағытталуы керектігін атап көрсетті[2, 124-б.].

Әлиханның 1917 жылдың 31 мамырында Михайловск поселкелік азаматтық комитетіне жолдаған бұйрығы Торғай облыстық комиссары барша діни қауымының мүддесін оларды мұсылмандық немесе христиандық діни ұстанымына қарамастан қорғағанын көрсетеді. Төмендегі құжат облыс комиссары Әлихан Бөкейханның мешіттің ғана емес, шіркеу тарапынан да нық сенімге ие болғанын көрсетеді. Мұны, аталмыш бұйрықтың мазмұнынан байқауға болады: «Михайловск поселкесінің дін қызметшісінің сөзіне қарағанда, Михайловск поселкелік Комитеті оларға шіркеу аумағына тиесілі жерлерде шөп шабуға тиым салынған екен. Михайловск поселкелік Комитетінен өздерінің тиым салуларын алып тастауларын сұраймын. Шіркеулік бөлу дін қызметшілеріне тиесілі. Оларды заңды құқығынан Михайловск Комитеті айыра алмайды. Аграрлық мәселе құрылтай мәжілісі тарапынан шешілсін»[2, 146-б.].

Ал патшалық Ресей қазақтарды зайырлы білімге жақындатпауға тырысты. Ислам дінін негізінен алшақтатып, халықты соның шырмауында ұстады. Сондықтан да олар дін иелеріне кеңшілік берді, олардың кемшіліктерін да барынша жасырды. Баспалардан шыққан кітаптарға бақылау қойылды. Баспалардан тек пайғамбарлар мен оның сахабалары туралы, әулие-әмбиелер жөніндегі қиссалар басылды. Бірақ зайырлы білімге жол жабық болды. Қазақ халқының ағартушылары мұны көре білді. Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың айтқан пікірлері назар аударарлық. Әсіресе, Шоқан Уәлихановтың «Тегі, Еуропалық мәдениетке Россия Византия дәуірін басынан өткізіп жететін болды... Өйткені, қанша оңбаған болса да Византия Россияға азды-көпті ағартушылық элементі бар христиан дінін

енгізді. Ұғымтал болса қазақ халқына татар оқуы түкке аспайтын діни схоластикадан басқа ештеңе үйретпейді. Сондықтан біз қалай да татар дәуірінен оралып өтуіміз керек. Бұл жөнінде бізге үкімет көмек көрсету керек. Көмек көрсеткендер округтарында татар мектептерін ашпай, орыс мектептерін ашу керек», - деп жазды ғалым. Осындай бағытты Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин секілді ағартушылар да ұстады[3].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қазақ даласында қазақтардың ұлттық дүниетанымына, дініне, тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүрі мен ақыл-санасына әсер етуші факторлардың бірі – Николай Иванович Ильминскийдің патша үкіметіне ұсынған оқу-ағарту жүйесі болып табылады. Н. И. Ильминский Қазандағы діни академиясы мен зайырлы білімді де оқып бітіріп шығып, біршама жаңа идеяларды ұсынған болатын. Христиан дінін қатты сүйетін, христиандықты оқу-ағартушылық саланың таптырмас бір бөлігі ретінде қарастыратын. Бұл дегеніміз, білімге жету, мәдениетті үйрену, өркениетті дамыту жолдарының бірі ретінде осы христиан діні деп санаған. Сонымен қатар Ильминский іздеу-зерттеу саласына көп қызығушылық танытты. Сөйтіп патша үкіметі оны зерттеу жұмыстарымен Орталық Азия аймағына, нақты айтқанда қазақ даласына жан-жақты зерттеуге жібереді. Кейінірек, Ильминскийдің өзінің айтуынша, ол қазақ даласын зерттей отырып, қазақтардың тіліне, мұсылманшылығына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпы мен мәдениетіне қатты қызыққан. Қазақ мәдениеті мен дәстүрін жақыннан танып, қазақ тілін де меңгеріп алған. Алғаш болып, орысша-қазақша сөздікті жасаған осы – Ильминский.

Патша үкіметінің қазақтарды христиандыру саясаты кейде күштеп емес, ерікті түрде жүргізілді. Бірақ бұл ерікті түрдегі христиандыққа өту, тек сырттай қарағанда ғана солай көрінді. Ал түптеп келгенде мәжбүрлі түрдегі христиандыру саясаты болатын. Атап айтқанда, жергілікті қазақтар өздерінің жақсы құнарлы жерлерінен айрыла бастаған соң, егістікпен, не мал шаруашылығымен айналыса алмаған соң, аш қалмаймыз деп қазақтардың кедей бөлігінің арасында христиандықты қабылдағандар шығады. Православиені қабылдағандардың басым көпшілігі патшалықтың отралық, әлеуметтік, ұлттық езгісінің салдарынан тұрмыстары нашарлап, қайыршыланған халде, көмектесетін туыстары қалмаған соң, шығарға шара таппай өзге дінді қабылдауларына тура келеді.

Бұны біз Әлихан Бөкейхановтың «Киргизы» атты еңбегінде Ресей патшалығының қазақ жерін отарлау саясатын бейнелегенінен көре аламыз. Сол саясаттың бір қыры орыстандыру еді, яғни «русификация», қазақтарды мұсылман дінінен шығарып, шоқындыру, христиан дінін қабылдау әрекеті көрініс тапты. Дәл осындай ұқсас оқиғалар қазақ жерінде орын ала бергендіктен, Әлиханның бастамасымен, барша қазақ зиялылары прокламацияны 1902-1903 жылдар шамасында, жазуға көшті.

«Қазақтың бірінші прокламациясында орыс өкіметінің ислам дініне жасап жатқан зорлығы мен христиандыру саясатына бір кісідей қарсы тұруға шақырды. Бұл идея прокламацияда жалаң айтылмай, орыстандыру саясатына байланысты нақты фактілермен дәлелденген. 1902 жылдан ендірілген «крестьян начальнигі» жүйесіне, елдегі ресми мектептердегі араб тілі мен жазуын қолдануға тиым салынуына қарсылық білдірген. Өтініш қанағаттандырылмаған соң, халық прокламация авторлары айтқан имансыз шаралардың жүзеге асатынына көзі жеткен», – деп көрсетеді Әлихан Бөкейханұлы[4].

Халық арасындағы ата діннің насихатшысы, жеткізушісі болып саналатын молдаларымыз да кемшіліктер жеткілікті болатын. Кейбірі дінді емес дүмшелікті алып келді. Ғылым-білімнен жат қалып, қараңғылыққа бастады. Ұлт қайраткерлері медресеге білім қууға барған балалардың молдалардан себепті, себепсіз де тепкі көретінің ашына жазды. «Оқытқан молдалардың айтқан сөзі: «Бала таяқ жемесе, сабақ білмейді». Біздің мектепте молдалардың қылатұғыны осы», делінген «Түркістан уәлаяты» газетінде [5].

Әлихан Бөкейханов өзінің Мұсылман Сиезі атты мақаласында «...Осы дағыстан баяғы біздің Шәміл туған жер. Шәмілді муфти қылған жұрттың бірлігі, жұртты ұйытып, біріктірген жақсы молла. Дағыстан молласы өзге халықтан білімімен, тура жолымен жүрген мінезімен айырылады. Біздің қазақ молласы өзге қазақтан немен айырылады? Сиыр пұл болды деп хажы барып, хажы болып келдім деп жұрт арасынан өрт салады. Бір жерге бұйда, бір жерге

көк найза жақсы шықпақ. Мұның әрқайсысының өз жері бар. «Дағыстанда молла да, хажы да болмақ емес. Март келмей жұтқа, хажы келмей дауға жарымадық» деген біздің осы күнгі қазақ мақалы» деп кейбір қазақ молдаларының сол кездегі бейнесін көрсетіп берген болатын.[6, 103- б.].

Шариғатты айтып елді шошытатын моллаларға да Әлихан жауап беріп қойған: «Бізді шала, пікірі қоңыр молла шариғат-шариғат деп қорқытып жүр. Шариғат мақсұты да закон мақсұдындай екеуінің де іздегені бақытты қылмақ. Жұрт бақыты – іс жұртқа ыңғайлы болса шығады; іс жұртқа ыңғайлы болады – жұрт ұстап отырған ресімге жалынса. Шариғат ұрының қолын кесіп таста депті. Қай қазақ ұрының қолын кесіп алып тастамақ. Бұл ұрының қолын бізге кім кестірмек? Ұрының қолын кессе, қазаққа қанша бақыт шықпақ»[6, 235-б.]. Міржақып Дулатов Дін һәм ғылым мақаласында: «Байлар үкіметі, жерлі манаптар, ұзын жең молдалар тамақ асырау жолында дінді қару етеді. Құдайдан келген кітаптардың қайсысын да болса ашып қалсаңыз, хакәмге итағат, молдаға құрмет, хожаға бой ұсыну деген сияқты уағыз-насихат шыға келеді» деп ел бұзар моллалар жайлы ашынып жазған болатын[7].

Әрине, бұл барлық молдалар бірдей ел бұзар, дін бұзар болды дегенді білдірмейді. 1925-1927 жылдары Қазақстанның Халық ағарту министрі болған Смағұл Садуақасұлы 1920 жылы қазақ молдаларының орыс әкейлері сиықты керемет жағдайда өмір сүрмейтінің және молдалар олар шынайы ықыластарымен халыққа қызмет ететінің, сондықтан, барлық молдаларға бірдей күйе жағуға болмайтындығын ескерткен болатын.

Әлихан Бөкейханов дін ісіндегі мәселелерді шешуде ерекше жолды таңдады. 1914 жылы Қазақ газетінде шыққан мақаласында: «Ұрланып 5 миллион қазақ жүре ала ма, шариғатқа құл болам деп алып, шариғат ісін орнына апармасақ, дұшпан сонда рас семірмей ме? Тас салғанда мен бүктелдім. Менің қазақ болып мұсылман сөзіне айталық деген пікірім болмады. Енді сендер мені босатындар, мен өз басым айтайын деп, мен жолдастардан рұқсат сұрадым – бұл Еуропа жолы»[6, 267-б.]. Бұл сөз сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының мәдениетін, ұлттық құндылықтарын, дінің, дәстүрін жоққа шығару дегенді білдірмейді. Керісінше, еліміздің көркейіп, озық деген мемлекеттердің қатарына қосылу үшін ғылым мен білімге ұмтылу қажет еді. Ислам әлемінің Алтын дәуірі де ғылым мен білімнің арқасында қалыптасты емес пе?

Алаш қайраткерлері қордаланып қалған түрлі мәселелерді шешуде қандай тәсілдерді пайдаланған болатын? Публицистика арқылы діни мақалалар жариялау, сол арқылы діни фанатизмнен, ескішілдіктен арылту; отаршыл саясаттың жымысқы саясатын әшкерелеп, сақтық әрекеттерін көрсету; халықты білім алуға үндеу, мектеп, медреселерді көптеп ашуға насихат жасау.

«Алаш» партиясы бағдарламасы жобасының «Дін ісі» деп аталатын IV тарауында былай делінеді: «Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең хұқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болу, жесір дауы сотта қаралуы тиіс». Бұл таңдау еліміздің көп ұлтты, әрі әртүрлі діндердің шоғыры болғандығынан. Оның үстіне біздің ата-бабаларымыз да өзгелердің сеніміне, ұстанымдарына құрметпен қарады емес пе? Себебі, таза исламның өзі де соған үндейді[8].

Бұл баптан байқайтынымыз Алаш партиясы дін бостандығы жағында болды. Яғни, діни сенімге еркіндік бере отырып, оның қоғамдағы реттеушілік функциясына мемлекеттің құзіретін күшейтіп, сол арқылы зайырлы қоғамға ұмтылу мақсаты болған. Ұлт көшбасшысы болған Әлихан Бөкейханов 1914 жылы Қазақ газетіне жазған мақаласында былай деген болатын: «Құрметті жолдастарым! Жұртқа қызмет қылайын десең жұртқа сенімді бол. Менің жолым осы. Мені ешкім денеме қырын қарады деген жоқ. Христиан һәм мұсылман дінін мен бір дәрежеде ұстадым. Қай дін болса да, жұрт жүрегінде болады, болған соң. Дін ісі әдеп, тәрбие күтеді» [6,387-б.].

Алаш қайраткерлері зайырлылық принципін ұстанған,сонымен қатар, дүмше молдалар мен ескішілдерді, діни фанатиктерді сынға алған. Бірақ бұл исламнан алшақтау, ата дәстүрден бас тарту дегенді білдірмесе керек. Осы орайда Дихан Қамзабекұлының мына бір

сөзі еске түседі «Біз Алаш қайраткерлерін керемет дінтанушылар демейміз. Олардың өзіндік миссиясы болды, сөйте тұра адамзаттың дұрыс һәм орнықты даму заңдылығын білгендіктен, көтерген мәселесінің ретіне қарай иман мен дәстүрге адалдықты әркез еске салып отырды. Қанша зайырлы болса да дінсіз мемлекеттің бір бүйірі төмен түсіп тұратынын жиі ескертті». Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы: «барлық нәрсенің өлшемін білу керек, өлшемін білмеген жағдайда боғы шығады» - демей ме? Ал Алаш қайраткерлері заманына қарай дұрыс өлшем жасай білген.

Тарих қайталануда. Тура бір ғасырдан кейін Тәуелсіздігін жаңа алған мемлекетіміз дін мәселесінің шырмауына түсті. Діннің атын жамылып келген әртүрлі исламдық, христиандық ағымдар еліміздің тыныштығы мен тұтастығына нұқсан келтіруде. Діни экстремизм мәселесі әлем мемлекеттерінің саяси, экономикалық даму деңгейлеріне қарамастан бірдей өзекті болып отыр. Әр мемлекет пен қоғам үшін экстремизмнің пайда болу себептері әртүрлі. Сондықтан, Алаш қайраткерлерінің діни фанатизмді шешудегі ұстанымдары мен тәжірибелері қазір де үлкен рөл атқарады. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» жолдауы да көп нәрсені аңғартпай ма? Біз күннен-күнге ғылымның қарыштап дамыған заманында, бүгінгі күннің талабына сай дәстүрімізді, рухани құндылықтарымызды жаңғыртуымыз қажет. Осы орайда, Алаш қайраткерлерінің даңғыл жолы ұлттық болмысымызды сақтауда, ғылым мен білімге қанат жаюда бізге бағыт-бағдар бола алады, діни фанатизммен күресте де үлкен көмек деп білемін. Себебі, мықты идеялар уақытпен өлшенбейді. Алаш зиялыларының еңбектерін том-том қылып шығарып қою, көшелер мен елді-мекендерге, оқу орындарына олардың есімдерін беріп қою жеткіліксіз. Бізге, жастарға данышпандарымыздың қалдырған сарқылмас мұраларын, тәлім-тәрбиесін бойымызға сіңіру қажет. Елбасымыз да өзінің бір сөзінде: «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» - деп, тарихтың ұлт тағдыры үшін үлкен рөл атқаратындығын атап көрсеткен болатын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры: Ғылыми танымдық талдаулар мен публицистикалық толғаулар / Б. Төлепберген. – Алматы: ЖК «InterBesCompany», 2016. – 240 бет.
2. Бөкейхан Әлихан шығармалары/Әлихан Бөкейханов. – Толықт. Екінші бас. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016.
3. Уәлиханов Ш. Алтыншаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2016. – 304 б.
4. Бөкейхан Ә. Таңдамалы – Избранное – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. – 478 б.
5. Алаш көсемсөзі: Дін мәселесі. Көптомдық. 3-том. Ғылыми жоба жетекшісі: Сақ Қ.Ө., Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014 ж.
6. Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы. Шығармаларының 4 томдық толық жинағы./Қраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – 520 б.
7. Дулатов М. Алты томдық шығармалар жинағы. 2-том: Көсемсөз, әдеби және зерттеу мақалалары/ Құраст.: Г. Дулатова, С.Иманбаева. – Алматы: Мектеп, 2013. – 392 б.
8. «Алаш» қозғалысы. Құраст.: Е.Тілешов, Д. Қамзабекұлы. И. Нұрахмет. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 20086 – 324 бет.